

- конкурс рисунков «Бабушка с дедушкой рядышком»
- торжественное шествие «Бессмертный полк» ко Дню Победы (принимают участие представители трёх – четырёх поколений).

Очень важно воспитывать у младших школьников уважение и интерес к своей семье, формировать внимательное отношение к близким людям, прежде всего к матери. Доброй традицией в нашей школе стало поздравлять мам и бабушек в «Международный женский день 8 марта». Праздник этот – своеобразная благодарность мамам и бабушкам за их заботу и любовь. К этому дню мы проводим много интересных мероприятий:

- конкурс – игровые программы
- конкурс стихов о маме и бабушке
- фотоколлаж «Моя мама – самая лучшая»
- концерт для мам и бабушек
- изготовление подарков для мам и бабушек
- конкурс рисунков «Моя мама – самая красивая».

Доброй традицией в нашей школе стали совместные с родителями походы на природу, поездки в столицу нашей Родины – Астану. Этим летом ребята вместе с родителями посетили Международную выставку «ЭКСПО-2017». Данная работа помогает приобщить подрастающее поколение к истории, культурному наследию своего народа, своей страны.

С огромным интересом ребята принимают участие в проекте «Помоги зимующим птицам». Мастерят вместе с родителями кормушки. Развешивают на деревьях под окнами класса, чтобы можно было наблюдать за воробьями, синичками и снегирями. Ежедневно проверяю наличие в кормушке семечек. Эта работа способствует воспитанию гуманного отношения к природе. Учит любить и беречь её.

Озеленение класса, пришкольного участка – один из любимых видов деятельности младших школьников. В апреле мы с детьми сеем цветочную рассаду в ящике – петунья, космея, бархатцы. Поливаем, рыхлим, а в мае совместно с родителями высаживаем на свою клумбу. С какой радостью ребята ухаживают за своими растениями!

Таким образом, осуществляется «ненавязчивое» воспитание, благодаря которому дети включаются в лично значимые виды деятельности, в процессе которых происходит «незаметное» формирование нравственных, духовных, культурных ценностей подрастающего поколения.

#### **Список литературы:**

1. Назарбаев Н.А. Статья «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». 12 апреля 2017 года. [http://www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/press\\_conferences/](http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/)
2. Патриотический акт «Мәңгілік Ел», принятый на XXIV сессии Ассамблеи народа Казахстана 26 апреля 2016 года.
3. Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2017-2018 учебном году: Инструктивно-методическое письмо. - Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2017 – 370 с.
4. Евдокимова С.Л., Цветкова Н.А. Семейное воспитание. Методическое пособие для классных руководителей, школьных психологов и других школьных специалистов. Астана, 2012 – 314 с.

#### **РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН- ОҚУ МЕН ТӘРБИЕ**

Махмутова Гулшат Оразбековна  
Байгенжина Динара Темірболатовна  
Айдарбекова Роза Оразбековна  
Дәмді орта мектебінің мұғалімдері, Науырзым ауданы,

### **Аннотация**

*Бүгінгі балалар еліміздің ертеңгі болашағы екенін ескерер болсақ, бәсекеге қабілетті, жаңа уақыттың өктем талаптарына үн қоса алатын ұрпақ тәрбиелеуіміз керек.*

### **Аннотация**

*Учитывая, что современные дети-будущее Казахстана, мы должны воспитывать конкурентно-способных, устойчивых условиям нового времени. Чтобы воспитывать будущее поколение нашей страны, мы должны выяснить конкурентноспособные условия.*

### **Abstract**

*Today's children are the future of Kazakhstan. We need to educate a competitive ,sustainable conditions of the new time. To educate the future generation of our country , we should find out competitive conditions.*

**Түйінді сөздер:** қауымдастық, бәсекелестік, рухани құндылықтар, дамыту, мұра.

**Ключевые слова:** сообщество, конкурентность, духовные ценности, развитие, наследие.

**Keywords:** community, competitiveness, spiritual values, development, heritage.

Ұлттық тәрбиенің өлмес негізі, рухани күші оның өмір сүру болмысынан туындаған өзіндік ұлағаты, тәжірибесінің молдығы, рухани мұрасының тереңдігі мен өнегелігінде жатыр. Қазақ қашанда ұрпағының толыққанды тұлға болып қалыптасуына атсалысып, жырлары, эпсаналары, ертегілері арқылы бала кезінен ұлттық тәрбиені бойына сіңіріп отырған. Бауырмашылдық, адалдық, адамгершілік, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық сияқты қасиеттерді Қаз дауысты Қазыбек былай суреттейді: Біз қазақ елі мал баққан елміз, Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізді жау басынбасын деп, Ордамыздан құт қашпасын деп, Найзаға үкі таққан елміз, Дұшпанның аяғына жаншылмаған елміз, Басымыздан намысты асырмаған елміз, Адалдықты әрқашан жасырмаған елміз. Атаның өсиетін балаға, Баланың өнерін атаға айтып, тарата білген елміз. Құлақтың құрышын қандырып Әділ сөзді халыққа айта білген елміз [1]. Ұлттық тәрбиенің адамгершілік ұстанымдары қоғам дамуының кең көлемдік, әлемдік мәселесі ретінде қарастырылуда қазақ халқы тәрбиесінің өне бойынан табылады.

Мемлекетіміз тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап, әлемнің бәсекеге қабілетті елдер қатарына кіру үшін жаңа Қазақстан құрудың дербес жолын таңдап алды. Еліміз әлемдік қауымдастыққа құрметпен, беделмен кіруі үшін ұрпақ тәрбиесін әрқашанда назардан тыс қалдырмауымыз керек. Себебі, бүгінгі балалар еліміздің ертеңгі болашағы екенін ескерер болсақ, бәсекеге қабілетті, жаңа уақыттың өктем талаптарына үн қоса алатын ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Ал ұрпақты тәрбиелеу үшін, бәсекеге қабілеттілік шартын анықтау қажет. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халықтарының Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің аса маңызды шарты – бұл әлемдік бәсекелестік үрдісінде табысқа жетуге мүмкіндік беретін күшті рух пен білім», - деп көрсетеді.

Бұл жас ұрпақ тәрбиесі мен әлемдік қауымдастық қойып отырған талаптар арасында және жастардың өзіндік мотивтерінің арасында қарама-қайшылықтар туындатып отыр. Бұл қайшылықты шешу үшін *рухани құндылықтарға* негізделген оқу-тәрбие үрдісін құру қажет етіледі.

XXI ғасырға лайық, әлемдік өркениет көшіне ұялмай тізе қостыратын, дамыған елдермен терезе теңестіретін, бәсекелестікке қабілетті елу елдің санатына қосылу үшін, елімізге тәрбиелі, білімді ұрпақ керектігі айтпаса да түсінікті.

Сондықтан да қазіргі қоғамның алдында тұрған күрделі мәселелердің бірі – білім ошақтарында оқитын әрбір жас ұрпақтың бойына бәсекеге қабілетті құндылық қасиеттерді қалыптасырып, дамыту мәселелеріне айрықша көңіл бөлу.

Мемлекетіміздің әлем алдындағы абыройын одан әрі асқақтатып, тәуелсіздігін нығайту, елімізде асқақ руханият пен азаматтықты өркендету үшін жас ұрпағымыз ұлттық құндылықтардың қасиеттерінен сусындап өсіп, сол игі қасиеттерді өз

бойларына дарытып, өмір тәжірибесінде қолданса, еліміздің өркениетті ел қатарынан табылуына қосқан зор үлесі болар еді.

Сонымен құндылықтар дегеніміз не? Құндылықтар – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған идеялар. Оларға шындық, қайырымдылық, тұлға, бостандық, махаббат, шығармашылық, және т.б. жатады. Құндылықтар идеяларды қабылдау немесе қабылдамау сезімі арқылы айқындалып, ақыл-ой, сана арқылы қабылданады. Құндылықтар құрметтеу, қошеметтеу, қабылдау тәрізді ұмтылысты білдіреді. Құндылықтар сезім мен ақыл-ойдың ұштасуын және сол арқылы адамның іс-әрекетін белгілейді. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны тусінуге болады. Соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді де, іс-әрекет етеді.

Осы аталмыш құндылықтардың бастау кезі халықтың мол мұрасында. Ол мұра – халық пайда болғалы онымен бірге жасасып, бірге дамып келе жатқан құнды дүниелер.

Халықтың тілін, салтын, дәстүрін бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу үшін ұлттық құндылығымызды бағалай білуіміз шарт. Әр халық ұрпағының қайырымды да адал, әділ де ер жүрек, үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор, ар-ұяты мол, кішіпейіл болып өскенін қалайды. Ол үшін халық өзінің әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне арқа сүйейді.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуде білім берудің айқын жолдарын жетілдірудегі басым бағыттарын айқындауда, ұлттық санамен адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру көкейтесті мәселелердің бірі болып отырған анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: „Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн“, — деген талапты білдіреді. Олай болса, басты мақсат — жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, тәрбиелеу керектігі күн өткен сайын маңызды болып отыр. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге адамзат өркениетіне ұлттық тарихымызбен, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар негізінде қабілетті тұлға тәрбиелеу керек. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығару үшін, ана тілі мен дінін, тарихын, салт-дәстүрін, жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру бағытында білім мен тәрбие берсек, мақсатқа жетеміз. Ұлттық тәрбие қазір елімізде, жас жеткіншектер арасында орын алып отырған кейбір келеңсіз мәселелерді бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие — ел болашағы. Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр.

Рухани дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру үшін оқу-тәрбие үрдісінде адамгершілік, танымдық, ұлттық, әлемдік, салауатты өмір салты, дүнетанымдық бағыттағы мәдениеттерді дамытуымыз керек. Тұлғаны оқу-тәрбие үрдісінде әрқашанда позитивті рухани құндылықтарға бағыттап отыру қажет. Бұл оқушының сан алуан әлемде өз позицияларын нақты айқындауға көмек болады.

Қазіргі оқушы өзінің болмысында күзиретті болуы керек. Бәсеке қабілетті оқушы моделінде базалы компетенцияның келесі түрлерін ерекшелейміз:

-шешім қабылдауға дайын, берілген жағдайдағы сараптау негізінде қиыншылықтарды анықтап, қажетті шешім қабылдай алу, өзіне жауапкершілік алу;

-мәліметтік компетенттілік, яғни сыни сараптаманың негізінде қажет мәліметті таңдау мүмкіндігі;

-әлеуметтік компетенттілік, яғни өзінің әріптестерімен өзара әрекет орнату;

-коммуникативті компетенттілік, яғни басқа адамдардан мәлімет алып, өз пікіріне сендіріп, ымыраға келіп, ортақ шешім қабылдауға әсер ету;

-өздік білім алуға дайындылық, яғни қажет жағдайда өз мамандығын, біліктілігін өзгерту, дербес түрде білім мен біліктілікті меңгеру;

-технологиялық компетенттілік, яғни өзінің кәсіби қызметінде қазіргі технологияларды тиімді қолдана алу қасиеті.

ҚР-ның «Білім туралы» Заңына сай білім беру жүйесінің орталығында оқушы тұр да, негізгі мақсат – оның бойында рухани мәні бар қасиеттерді, сонымен қатар гармоникалық дамыған адам қасиеттерін қалыптастыру.

Осыған байланысты педагогикалық қиыншылықты шешу қажеттілігі туындайды – неге оқыту, нені оқыту, қалай оқыту, яғни білім берудің мақсаттарын, мазмұнын, технологияларын анықтау.

«Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», деп ұлы Абай айтқандай, «Білім беру жүйесінің басты міндеті оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» (Н. Назарбаев жолдауынан).

Қоғамның бүгінгі басты бағыттарының бірі – білім беру үрдісін ақпараттандыру. Қазіргі таңда ақпараттандыру үрдісі адамзат өркениетінің дамуының жаппай және қайталанбайтын кезеңі ретінде қарастырылып отыр.

Адамның компьютерді меңгеруі оған білім алу мен еңбек нарығында өз мүмкіндіктерін іске асыруға жағдай туғызады.

Күннен-күнге ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың барлық білім беретін әр түрлі салаларда қолданылуы артып келеді. Оған қоғамды ақпараттандыру және бәсекеге түсе алатын мамандар әзірлеу қажеттілігін туғызатын сыртқы факторлар, сол сияқты оқу орындарын компьютерлік техникамен және бағдарламамен қамтамасыз ету, білімді ақпараттандыру, мемлекеттік және мемлекет аралық бағдарламалардың қабылдануы, оқытушылардың ақпаратты игеру тәжірибесі сияқты ішкі факторлар да түрткі болып отыр.

Тұлғаны құндылықтар арқылы дамытуға, мәдени дағдыларды игеруге, өз жауапкершілігін арттыруға және әділдік жолымен жүруге, әділдік жоқ жерде адамшылық жоқ деген пікірді айтады ұлы ойшыл М. Х. Дулати [2].

Руханилық — ізгі, ақылдың шешімі, ізгі жүрек, ізгі сезім, жанашырлықтың саналы және санадан тыс әрекеттерден көрінуі болса, Абайдың айтуынша «адамгершілік — махаббат пен әділдік, олар барлық нәрседе болады және шешіледі», яғни рухани тәрбие — адамдарды адамгершілікке, білімге, еңбек пен имандылыққа, бір сөзбен айтқанда жан дүниелерінің сұлулығына тәрбиелеу деген сөз. Адамгершілік мінез негіздерінің астарында жалпы адамдық пен ұлттық құндылықтар бірігіп, адамдардың рухани мәдениетін жүзеге асыратыны белгілі. Халықтың рухының асқақтауын, кемелдене бастағандығын оның барынша қоғамдағы рухани құндылықтарға мән беріп, маңыз беріп соларды жетілдіріп, өркендету жолына түскенінен және адамаралық қатынастағы терең адамгершілік принциптерді көкке көтере бастағанын аңғаруға болады. Адам үшін жаудың үлкені оның өзінің бойындағы нәпсілік басымдықтары болып табылады. Егер адам өзінің нәпсісін игеріп, оны руханилығымен көмкеріп отырса, онда оның рухы тазарады, халықтың ішкі бірлігі нығайып, адамға бауырмал бола түседі [4]. Сонымен қатар келер ұрпақтың болашағы

үшін толыққанды жетілген тұлға болып қалыптасуының маңызы өте зор. Жастардың бойында ең маңызды деген моральдық нормалар, әдет-ғұрып, адамгершілік, ар-ождан, адамға ізгілік әкелетін рухани құндылықтар және адами қасиеттерге тәрбиелеу-барлық адамзаттың ұлы міндеті.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Билер сөзі. — Алматы: Қазақстан, 1996. — 237 б.
2. Дулати М. Х. Тарих-и-Рашиди. Алматы. 1999.
3. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. Алматы. 2001. 3 том. 398 б.
4. Нұрмұратов С.Е., Сағиқызы А. Ұлттық рух мәселесі хақында // Халықаралық конференция материалдары. Алматы 2006. 176б

### ВЕЛИКОЕ НАСЛЕДИЕ Ы. АЛТЫНСАРИНА НА ТЕРРИТОРИИ АУЛИЕКОЛЬСКОГО РАЙОНА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Мнайдарова Светлана Сейтжановна  
канд. пед. наук, старший преподаватель КГПИ,  
Молдашева Жанель Маратовна  
студентка 2 к., КГПИ, специальность «Химия»  
г.Костанай

#### Аннотация

Мақалада Қостанай облысы Әулиекөл ауданының аумағында білім беруді дамытудың өзекті мәселелері, Ы. Алтынсариннің рөлі көрсетілген. Ы.Алтынсарин, сондай-ақ шетелдік және қазақстандық ғалымдардың білім беру мәселесін зерделеу талдауы, олар осы дамудың нысаны мен мазмұны бойынша қазіргі қажеттіліктеріне байланысты екенін көрсетті. Мақалада көп жақты іс-әрекеттері туралы пікірлер баяндалады. Қазақ халқының экономикалық, мәдени және рухани дамуына үлес қосқан Ы.Алтынсарин. Ағартушылықты олар прогрестің ажырамас бөлігі ретінде ойластырды, бүкіл халықты дамыту мүмкін болмады.

#### Аннотация

В статье рассматриваются актуальные вопросы развития образования на территории Аулиекольского района Костанайской области и показана роль Ы. Алтынсарина, а также дается анализ исследования проблемы образования зарубежными и казахстанскими учеными, которые показали, что развитие зависит от требований современности по своей форме и содержанию. В статье излагаются взгляды на многостороннюю деятельность Ы. Алтынсарина которая способствовала экономическому, культурному и духовному развитию казахского народа. Просвещение мыслилось им как составная часть прогресса, без которого было бы невозможно развитие всей нации.

#### Abstract

The article deals with topical issues of the development of education on the territory of Auliekol district of Kostanay region and the role of N is shown. Altynsarin, as well as an analysis of the study of the problem of education by foreign and Kazakh scientists, who showed that development depends on the requirements of the present in form and content. The article outlines the views on multilateral activities of Y. Altynsarina which contributed to the economic, cultural and spiritual development of the Kazakh people. Enlightenment was conceived by them as an integral part of progress, without which it would be impossible to develop the entire nation.

**Түйінді сөздер:** білім, ағартушылық, мұра, мектеп, мәдениет, патриотизм.

**Ключевые слова:** образование, просвещение, наследие, школа, культура, патриотизм.

**Keywords:** education, education, heritage, school, culture, patriotism.

В период независимости государства, формирования гражданско-патриотического самосознания, становления национальной философии культуры и образования. Сохранение духовных ценностей, культурного наследия нации – приоритетная задача суверенного государства. Неоценимо значение одного из наиболее ярких